**Заключение.** В ущельях Правый борт долины реки Теректы и Карасырык дана современная оценка распространения *Saussurea elegans*. На основании изучения анатомо-морфологической структуры сосюреи изящной (*Saussurea elegans*) можно сделать



следующие выводы: на поверхности корня расположена 3-рядный слой перидермы. Клетки перидермы имеют округлую, вытянутую и прямоугольную форму, плотно соединены и сильно вытянуты в радиальном направлении. Центральная часть цилиндра корня представлена многочисленными склерехимными клетками. Что подчеркивает ярко выраженную черту организации в засушливом климате; особенностями анатомического строения стеблей является наличие кутикулы с хорошо выраженными гранями, под которой находится однослойный эпидермис. В каждой грани под слоем эпидермиса залегает механическая ткань - уголкообразная колленхима. Проводящие пучки стебля встречаются в числе 14-16, плотно, со всех сторон окружены группами склеренхимных клеток. Механическая ткань сильно выражена. В самом центре стебля рыхло расположены клетки сердцевинной паренхимы, которая имеет тонкостенные клетки с включениями. Особенности анатомического строения листьев является наличие схизогенных вместилищ (предположительно с эфирными маслами), которые располагаются преимущественно под центральным проводящим пучком в центральной части листовой пластинки.

Список использованной литературы:

1. Стратегия ВОЗ в области народной медицины 2002-2005 гг. ВОЗ, Женева, 2002, 62 с.
2. Флора Казахстана. Том 9. – Алма-Ата, 1966.
3. М.С. Байтенов Флора Казахстана. – Алматы: "Гылым", Том 1. – 1999
4. Серых Г. И. *Saussurea* DC. – Соссюрея, Горькуша / Г. И. Серых, О. С. Жирова, И. М. Красноборов // Флора Сибири. Т. 13: *Asteraceae* (*Compositae*). – Новосибирск : Наука, 1997. – С. 180 – 209.
5. *Species plantarum* [Электронный ресурс] / Carolus Linnaeus / 1753. — Режим доступа: <http://manybooks.net/titles/linnaeusc2077120771-8.html> (дата обращения)
6. Флора СССР. – М.: АН СССР, 1962. – Т 27
7. Shamyayov I.D.; Sidiyakin, G.P. "Chemistry of Natural Compounds" - 1980, (2), 258
8. Shamyayov I.D.; Batirov, E. Kh.; Yuldashev, M.P.; Mallabaev, A. "Chemistry of Natural Compounds", 1983 (6), - 796-7
9. Shamyayov I.D.; Mallabaev, A.; Rakhmankulov U.; Sidiyakin, G.P. "Chemistry of Natural Compounds" - 1976 (6),
10. A.A. Taldybai, D.K. Aidarbayeva, A. Aksoy, J. Jenis, B. Oxikbayev "International Journal of Biology and Chemistry" 14, №2, 123 (2021)
11. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. – Алма-Ата, 1969. - Т. 1.– 1972. – С. 644
12. Черепанов С.К. Сосудистые растения России и сопредельных государств. – Петербург: Мир и семья - 95, 1995.
13. Пермяков А.И. Микротехника. – М.: МГУ, 1988. – С. 11-29
14. Прозина М.Н. Ботаническая микротехника. – М.: МГУ, 1960. – 260 с.
15. Барыкина Р.П., Веселова Т.Д., Девятов А.Г. Справочник по ботанической микротехнике. – М.: МГУ, 2004. – 313 с.
16. Государственная фармакопея СССР, XI изд., вып.1., – М.: Наука, 1987. – 334 с.
17. Государственная фармакопея СССР, XI изд., вып.2., – М.: Наука, 1990. – 250 с.
18. Institute of the Chemistry of Plant Substances, Academy of Sciences of the Uzbek SSR, Tashkent. Translated from *Khimiya Prirodnikh Soedinenii*, No. 6, p. 865, November-December, 1979. Original article submitted July 3, 1979.0009-3130 / 79 / 1506-0772507.50 © 1980 Plenum Publishing Corporation.
19. Institute of the Chemistry of Plant Substances, Academy of Sciences of the Uzbek SSR, Tashkent. Translated from *Khimiya Prirodnikh Soedinenii*, No. 6, pp. 788-789, November-December, 1983. Original article submitted June 10, 1983. 752 0009-3130/83/1906- 0752507.50 © 1984 Plenum Publishing Corporation.

20. *Choleretic Effects of the Mongolian Medicinal Plant Saussurea amara in the Isolated Perfused Rat Liver / Glasl S. [et al.] // Planta Med. - 2007. - N 73 (1). – P. 59-66*

*Reference:*

1. *WHO strategy in the field of traditional medicine 2002-2005. WHO, Geneva, 2002, 62 p.*
2. *Flora of Kazakhstan. Volume 9. – Alma-Ata, 1966.*
3. *M.S. Baitenov Flora of Kazakhstan. – Almaty, 1999 "Gylym" Volume 1.*
4. *Gray G. I. Saussurea DC. - Saussurea, Gorkusha / G. I. Serykh, O. S. Zhironova, I. M. Krasnoborov // Flora of Siberia. T. 13: Asteraceae (Compositae). – Novosibirsk: Nauka, 1997. – P. 180-209.*
5. *Species plantarum [Electronic resource] / Carolus Linnaeus / 1753. - Access mode: <http://manybooks.net/titles/linnaeusc2077120771-8.html> (date of access)*
6. *Flora of the USSR. M-L: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, 1962. T 27.*
7. *Shamyaynov I.D.; Sidiyakin, G.P. "Chemistry of Natural Compounds" – 1980, (2), 258*
8. *Shamyaynov I.D.; Batirov, E. Kh.; Yuldashev, M.P.; Mallabaev, A. "Chemistry of Natural Compounds", 1983 (6), – 796-7*
9. *Shamyaynov I.D.; Mallabaev, A.; Rakhmankulov U.; Sidiyakin, G.P. "Chemistry of Natural Compounds" – 1976 (6),*
10. *A.A. Taldybai, D.K. Aidarbayeva, A. Aksoy, J. Jenis, B. Oxikbayev "International Journal of Biology and Chemistry" 14, no. 2, 123 (2021)*
11. *Illustrated guide to plants of Kazakhstan. – Alma-Ata, 1969. – T. 1. – 1972. – P. 644.*
12. *Cherepanov S.K. Vascular plants of Russia and neighboring states. – St. Petersburg: Peace and family - 95, 1995.*
13. *Permyakov A.I. Microtechnics. – M.: MGU, 1988. – P. 11-29*
14. *Prozina M.N. Botanical microtechnology. – M.: MGU, 1960. – 260 p.*
15. *Barykina R.P., Veselova T.D., Devyatov A.G. Reference book on botanical microtechnics.- M.: MGU, 2004.- 313 p.*
16. *State Pharmacopoeia of the USSR, XI ed., issue 1. – M.: Nauka, 1987. – 334 p.*
17. *State Pharmacopoeia of the USSR, XI ed., issue 2. – M.: Nauka, 1990. – 250 p.*
18. *Institute of the Chemistry of Plant Substances, Academy of Sciences of the Uzbek SSR, Tashkent. Translated from Khimiya Prirodnikh Soedinenii, No. 6, p. 865, November-December, 1979. Original article submitted July 3, 1979.0009-3130 / 79 / 1506-0772507.50 © 1980 Plenum Publishing Corporation.*
19. *Institute of the Chemistry of Plant Substances, Academy of Sciences of the Uzbek SSR, Tashkent. Translated from Khimiya Prirodnikh Soedinenii, No. 6, pp. 788-789, November-December, 1983. Original article submitted June 10, 1983. 752 0009-3130/83/1906-0752507.50 © 1984 Plenum Publishing Corporation.*
20. *Choleretic Effects of the Mongolian Medicinal Plant Saussurea amara in the Isolated Perfused Rat Liver / Glasl S. [et al.] // Planta Med. – 2007. – N 73 (1). – P. 59-66.*

ЭОЖ 378.17/612.66

ГТАМР 34.01.45

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2022.73.3.012>

Шыныбекова Ш.С.,<sup>1</sup> Кожаниязова У.Н.,<sup>1</sup> Батырова К.И.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## ЖАСӨСПІРІМДЕР АҒЗАСЫНЫҢ ДАМУЫНЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН-АЛУ

### Аңдатпа

Мақалада жасөспірімдердің ағзасына әсер ететін кері факторларды қарастырдық. Тестілеу нәтижесі бойынша жасөспірімдердің 52% темекіні сәндік мақсатта, 42,5% өзінің ерте есейгендігін көрсету үшін ал, 5,5% темекіден кейін рақат сезім үшін оны таңдағанын түсіндіреді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 56% темекі шегетін ортаға жақсы көзқараспен қарайтынын, 40% бұндай ортаны құптамайтынын, 4% оқушы сауалнамаға жауап берген жоқ.

Қазіргі темекі тұтынушылардың басым көпшілігі жасөспірім кезінде бастаған. Балалар мен жасөспірімдер арасында темекіге, алкогольге, есірткіге тәуелділіктің таралу проблемасы қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Балалар мен жасөспірімдер арасында темекі шегудің жоғары таралуы темекі шегумен күресуге бағытталған профилактикалық бағдарламаларды әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді.

**Түйін сөздер:** жасөспірім, тест, сауалнама, физиология, мотивация, мінез-құлық, алкоголь, темекі, нашақорлық, оқушылар

Шыныбекова Ш.С.,<sup>1</sup> Кожаниязова У.Н.,<sup>1</sup> Батырова К.И.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан

## ВЫЯВЛЕНИЕ И ПРОФИЛАКТИКА ВРЕДНЫХ ПРИВЫЧОК, ВЛИЯЮЩИХ НА ФИЗИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ПОДРОСТКОВ

### Аннотация

В статье рассматриваемся негативные факторы, влияющие на организм подростков. По результатам теста 52% подростков выбирают сигареты в декоративных целях, 42,5% - чтобы показать свою раннюю зрелость, 5,5% - для хорошего самочувствия после курения. 56 % студентов, принявших участие в опросе, сказали, что хорошо относятся к среде курения, 40 % не одобряют такую среду, 4 % студентов не ответили на вопросы анкеты.

подавляющее большинство нынешних потребителей табака начали курить в подростковом возрасте. Проблема распространения пристрастия к табаку, алкоголю и наркотикам среди детей и подростков является одной из самых острых проблем современного общества. Высокая распространенность курения среди детей и подростков требует разработки и реализации профилактических программ, направленных на борьбу с курением.

**Ключевые слова:** подросток, тест, анкета, физиология, мотивация, поведение, алкоголь, сигарет, наркотическая зависимость, ученики

Shynybekova Sh.S.,<sup>1</sup> Kozhaniyazova U.N.,<sup>1</sup> Batyrova K.Y.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

## IDENTIFICATION OF BAD HABITS THAT AFFECT THE DEVELOPMENT OF THE BODY OF ADOLESCENTS AND PREVENTION

### Abstract

The article considers the negative factors that affect the body of adolescents. According to the results of the test, 52% of adolescents choose cigarettes for decorative purposes, 42.5% - to show their early maturity, 5.5% - for good health after smoking. 56% of the students who took part in the

survey said that they have a good attitude towards the smoking environment, 40% do not approve of such an environment, 4% of the students did not answer the questions of the questionnaire.

The vast majority of current tobacco users began smoking during adolescence. The problem of the spread of addiction to tobacco, alcohol and drugs among children and adolescents is one of the most acute problems of modern society. The high prevalence of smoking among children and adolescents requires the development and implementation of preventive programs aimed at combating smoking.

**Key words:** teenager, test, profile, physiology, motivation, behavior, alcohol, cigarettes, drug addiction, pupils

**Кіріспе.** Зиянды әдеттер мәселесі - бұл ересектерге ғана емес, балаларға да әсер ететін қазіргі қоғамның мәселесі. Бұл мәселені жасөспірімдерге қатысты қарастырғанда, жас жеткіншектердің зиянды әдеттерге әуестігін алдын алу ата-ана, пән мұғалімдері және медицина қызметкерлерімен тығыз байланыста кешенді түрде қолға алынуы тиіс мәселе екенін есте ұстаған жөн.

Балалар мен жасөспірімдер арасында темекіге, алкогольге, есірткіге тәуелділіктің таралу проблемасы қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Кәмелетке толмағандарға (18 жасқа толмаған) темекі өнімдерін сатуға тыйым салу және салықты көтеру арқылы темекі өнімдерінің бағасын көтеру, темекі жарнамасына тыйым салу және түтінсіз ортаны құру сияқты шаралар өте маңызды. Дүние жүзінде 13-15 жас аралығындағы әрбір 10 жасөспірімнің кем дегенде біреуі темекі тартады, дегенмен кейбір аймақтарда бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары[1].

Темекі шегу ойлау процестерінің жылдамдығына, яғни оқу сапасына теріс әсер етеді. Темекі шегетін оқушы топтарда сабақ үлгермі төмен оқушылар саны көп болады. Темекі шегетін балалардың есте сақтау қабілеті нашар, есту қабілеті төмен, олар жүйке мен ашуланшақтықпен ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында темекі шегуді болдырмайтын психологиялық жағдайларды іздестіру және зерделеу, сондай-ақ жасөспірімнің шылым шегуге тұлғалық төзімділігін арттыруға бағытталған шылым шегудің алдын алудың кешенді тиімді бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажет[2].

Темекі шегу физикалық және психикалық дамуды баяулатады, сондықтан денеге барлық стресстерді жеңу үшін көп күш қажет: физикалық және психикалық. Никотиннің әсері ең алдымен жүйке және жүрек-тамыр жүйесіне әсер етеді.

Француз дәрігері Декалзне көп жылдық бақылаудан кейін 100 жыл бұрын темекіні сирек шегудің өзі балаларда анемия мен ас қорыту бұзылыстарын тудырады деген қорытындыға келді.

Ұлдарда шылым шегуді бастау себептері - ересектерге еліктеу, темекі шегуді тәуелсіздік, күш-қуат, еркектік идеялармен сәйкестендіру.

Қыздарда темекі шегудің басты себебі көбінесе кокетизммен, ерекшелікке ұмтылумен, ер адамға ұнау себептерімен байланыстырады.

Балалық шақ пен жасөспірімде (13 пен 18 жас аралығында) пайда болатын алкогольизмді әдетте ерте алкогольизм деп атайды. Бұл жаста алкогольизмнің клиникалық көріністері ересектерге қарағанда тезірек дамиды және ауру қатерлі түрде жүреді деп саналады[3].

Баланың немесе жасөспірімнің денесінде алкоголь ең алдымен қанға, бауырға, миға енеді. Орталық жүйке жүйесінің жетілмегендігіне байланысты ол этанолдың әсеріне ең осал болып табылады. Мұндай әрекеттің нәтижесі-жасөспірімнің жеке басының өзгеруіне алып келеді, яғни:

- логикалық дерексіз ойлау;
- интеллект;
- жад;
- эмоционалды жауап.

Нашақорлық – эпидемия сияқты таралып, балалардың өмірін қиатын ауру. Бүгінгі таңда мұғалімдер мен ата-аналар бұл проблема туралы ақпараттың негіздерін білуі керек, осылайша олар онымен бірінші кездескенде үрейленбей бүкіл балалар ұжымына моральдық зиян келтірмеуі қажет[4].



**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеуімізде қарастырылатын негізгі мәселе жасөспірімдердің жаман әдеттері. Зерттеу әдістері бақылау, әңгімелесу, сауалнама бойынша жүргізілді. Зерттеу базасы: №198 жалпы білім беру мектебі.

Жасөспірімдердің темекі шегу ықтималдығын бағалау үшін жеке, мінез-құлық және әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын қамтитын тесттер мен сауалнамалар кешені әзірленді. Темекі шегуге психологиялық және физиологиялық тәуелділікті объективті бағалаудың ең тиімді әдістері ұсынылған, бұл жасөспірімдер арасында темекі шегудің алдын алу тәсілдерін саралауға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуіміздегі тестілеу әдісі: темекі шегетін оқушылардың санын, жасын, темекі шегудің басталу себептері мен темекі шегуден кейінгі сезімі және темекі шегуге деген көзқарастарын анықтау.

Төмендегі тест сұрақтар арқылы темекі шегетін оқушылардан жауап алынды:


- 1) темекі шегуге отбасыңыздың көзқарасы;
- 2) оқушыға отбасының және ортасының әсері;
- 3) темекіні тастауға ниеті;

Сауалнамамызда ата-аналарыңыз сіздің темекі шегетіндігіңізді біледі ме деген сұраққа?

А) иә; Б) жоқ; В) мүмкін біледі. Сауалнама 8-11 класс оқушылары арасында жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Оқушылар барлығы сұрақтарға жауап беруге қатысты. 1-ші сұраққа жауап беру кезінде келесідегідей мәліметтер алынды:


Тестілеу кезінде алынған мәліметтер бойынша, оқушылардың көбісі темекі шегеді, себебі бұл әрекетін замануи және дұрыс деп ойлайды(1-Сурет).



Сурет 1. Темекі шегуіңіздің себебі сұрағынан алынған жауап

Жүргізілген зерттеулерде темекі шегумен байланысты мінез-құлықтың негізгі психологиялық факторлары мен ерекшеліктері көрсетілген. Оларға жоғары деңгейдегі алаңдаушылық, агрессивтілік, эмоционалдық тұрақсыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, күдік, тәуелді мінез-құлық, сонымен қатар жақын ортаның әсері жатады. Сонымен қатар темекі шегуден кейінгі сезімдерін анықтау үшін зерттеу жүргізіп, жауаптар алынды:

Сауалнамаға қатысқан 37 оқушының, 19 оқушы темекі шегетін орталарға немқұрайлы қарамайтынын, 16 оқушы бұндай ортаны қолдамайтынын, 2 оқушы сауалнамаға жауап берген жоқ (2-Сурет).



Сурет 2. Қанша жастан бастап темекі шектіңіз сауалнамасы бойынша алынған нәтиже

Сауалнамада анықталғандай, оқушылар бірінші және екінші сыныптарда темекімен алғаш рет танысады, темекі шегудің жағымсыз сезім қалдыратынын түсінді. Орта мектеп жасында темекі жаман әдет екенін түсініп, оны қолдамайтынын және тәуелді болғысы келмейтіні анықталды.

Жасөспірімдерде темекі шегудің себептері көбінесе: туыстарының (анасының, әкесінің, ағасының) және достары мен таныстарының темекі шегуі. Шылым шегетін жасөспірімдер шылым шекпейтіндерге қарағанда достарының көмегі мен қолдауына көбірек жүгінеді. Жасөспірімдердің темекі шегуге деген қызығушылығы, ересектерге еліктеуінен туындауы (1-Кесте).

Кесте 1- Ортаңызда кімдер темекі шегетін сұрағынан алынған жауаптар

Қатысқандар	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Досы	29	22
Сыныптасы	10	8
Танысы	48	37
Барлығы	33	25
Ешкім	11	8

Келесі тест сұрақтарына темекі шегетін жасөспірімдер жауап берді. Қойылған сұрақтар:

- 1) темекі шегуге отбасыңыздың көзқарасы;
- 2) оқушыға отбасының және ортасының әсері;
- 3) темекіні тастауға ниеті;

Көріп отырғанымыздай, оқушылардың көпшілігі (83%) бұл тәуелділіктен түбегейлі құтылғысы келеді. Темекі шегу де оқушылардың үлгеріміне кері әсерін тигізеді.

Балаларда темекі шегудің алдын алуды кішкентай адам бір нәрсені түсініп, сұрақ қоя бастаған жастан бастаған дұрыс. Бұл кезде ол ата-анасына сенеді, есейгендік туралы, баланың не істейтіні және өскенде не болмайтыны туралы үнемі әңгімебарысында айтылып отыруы оның санасына жақсы әсер етеді. Сіз есейген сайын және ақпарат жинақтаған сайын, салауатты өмір салтын қолдайтын дәлелдерді бірте-бірте қиындата беруіңіз керек. Ата-аналар немесе басқа ересектер темекі шегетін үйде баланы темекі шегуден сақтау екі есе қиын. Бірақ, соған қарамастан, барлық аурулардың бастамасы темекі шегуден екенін т.с.індіре отырып, мүмкіндігінше балаңызды пассивті темекі шегуден сақтаңыз.

Оқушыларымызбен жүргізілген зертеуімізде 10-сынып оқушыларына темекі шегудің бала денсаулығына тигізетін зиянын көрсеттік, содан кейін оқушылар темекі шегуге деген

көзқарастарын білдірте бастады. Әңгіме барысында темекі шегетіндер темекінің зияны туралы ойламағанын, тәуелділіктен бас тартуға болатынын білдіртті.

9-сынып оқушыларына жүргізілген жеке әңгімелесу барысындағы анықталған сұрақ «Темекі шегуден бас тартуына не кедергі». Әңгіме қорытындысы, кейбір оқушылар темекі шегуден оңай бас тарта алатынын, екінші бір оқушылар темекі шегуден бас тарту оңай болмайтынын яғни, темекіге тәуелділігі жоғарғы екені анықталды. Оқушылардың темекіні тастағысы келетіні, себебі олардың көпшілігі дене шынықтыру пәнінде өз нормативтерін көрді. Нәтижесінде темекі шекпеген жағдайда одан да жоғары көрсеткіш көрсетуге болатынын ұқты.

Өткен семинарымызда ұжым оқушыларының сауалнама қорытындысымен танысты. Қорытындысы, зерттеуіміз өткен оқу орнында жаман әдеттердің алдын алуға көмектеседі деген жоспардамыз(2-Кесте).

Жауаптары	Қыз бала	Ер бала	Жиынтығы	Көрсеткіші
Анасының	2	2	4	1,5
Әкесінің	27	39	66	24
Әжесінің	1	3	3	1
Атасының	7	9	16	6
Ағасының	10	17	27	10
Әпкесінің	0	2	2	1
Ешкімнің	75	85	160	59

Кесте 2- Оқушылардың отбасыңыздағы темекі шегетін адамдардың көрсеткіштері

**Нәтижелерді талқылау.** Жасөспірімге темекі шегуге тыйым салу, жазалар мен келеңсіздіктер нәтиже бермейді, оның ақыл-ойы мен есірткіге генетикалық төзімділігіне байланысты. Бірақ, өкінішке орай, бұл факторлардың екеуі де ересек жаста ғана толық әрекет ете бастайды, ал жасөспірім кезде алғашқы темекімен танысу бейсаналық түрде өзіне зиян келтіреді. Жасөспірімдерге басқалар сияқты көріну өте маңызды, сондықтан олар темекі шегуді бастайды. [5,6]. Жасөспірімдік шақ –мінез-құлықтың алып ұшып, тәуекелге барып әртүрлі заттарды қолданумен байланысты ерекшеленетін жас кезеңі. Еуропалық ғалымдардың жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты соңғы зерттеуінің нәтижелері осы жас тобында темекі шегудің таралуы, әсіресе 15 жастағылар арасында аландатарлық жоғары деңгейге жеткенін көрсетті. Жасөспірімдердің шамамен 15% 30 күнде кем дегенде бір темекі шегетінін тұжырымдады.

Осылайша, темекі шегу оқушылар арасындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қалыптаспаған санаға әсері өте үлкен болғандықтан, аландауға көптеген себептер бар. Өскелең ұрпаққа ата-аналар тарапынан да, мұғалімдердің де, әлеуметтік педагогтардың да көбірек көңіл бөлуі қажет, олар оқушылардың талпыныстары мен бейімділіктерін мұқият қадағалап отыруы керек[7].

Сауалнамамызға қатысқан оқушылардың ішінде 41% 17 жас, 15 жас 54% және 5% 13 жасты құрды. Зерттеу барысында анықталғаны темекі шегетін және темекі шекпейтін жасөспірімдердің физикалық нормаларын тапсыру нәтижелері талданды. Нәтижесінде темекі шекпейтін оқушылар көрсеткіші жоғары деңгейді көрсетті.

**Қорытынды.** Тестілеу нәтижесі бойынша жасөспірімдердің 52% темекіні сәндік мақсатта, 42,5% өзінің ерте есейгендігін көрсету үшін ал, 5,5% темекіден кейін рақат сезім үшін оны таңдағанын түсіндіреді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 56% темекі шегетін ортаға жақсы көзқараспен қарайтынын, 40% бұндай ортаны құптамайтынын, 4% оқушы сауалнамаға жауап берген жоқ.

Қазіргі темекі тұтынушылардың басым көпшілігі жасөспірім кезінде бастаған. Балалар мен жасөспірімдер арасында темекіге, алкогольге, есірткіге тәуелділіктің таралу проблемасы қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Балалар мен жасөспірімдер арасында темекі шегудің жоғары таралуы темекі шегумен күресуге бағытталған профилактикалық бағдарламаларды әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді.

Сауалнамаға қатысқандардың ішінде 41% - 17 жас, 54% -15 жас және 5% 13 жасты құрады. Сондай-ақ, жұмыс барысында темекі шегетін және темекі шекпейтін оқушылардың физикалық нормаларын тапсыру нәтижелері талданды. Нәтижде темекі шекпейтіндердің жоғары екенін көрсетті.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Александров А.А. *Мектепте темекі шегу және оның алдын-алу.* – М.: Медиа Саласы, 1996. – 96 б.
2. Шпаков А.Н. *Ата-аналар мен балаларға арналған анықтамалық. Алкоголизм. Тәуелділік. Нашақорлық. Темекі шегу. Табиғи және тұрмыстық уланулар. Шығу, тану, емдеу, алдын алу / А.Н. Шпаков.* – М.: Энергетика, 2000. – 368 б.
3. Исмукое И. *Мен есірткісізбін. Нашақорлық пен алкоголизмнің алдын алу және оны жеңу бағдарламасы / Н.Н. Исмукое – М.: Жәрмеңке-пресс. – 2001. – 384 б.*
4. Рущенко И.П. *Нашақорлықтың алдын алу: ұйымдастыру-әдістемелік аспектілері. Халықаралық жобаның қорытынды материалдары / – Харьков: Финарт, 2002. – Б.182-192.*
5. Ахметова И. *Менің таңдауым: орта мектеп мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал.* – М., 2003. –79 б.
6. Горелов П.Г. *Хмель, ұйқы, явь.* – М.: Агарту, 1991. – 335б.
7. Романникова М.В. *Темекі шегудің алдын алу жасөспірімдерде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру факторы ретінде. Мәскеу, 2009. –203б*

*References:*

1. Aleksandrov A.A. *Smoking at school and its prevention.* – М.: Media Salasy, 1996. – 96 p.
2. Shpakov A.N. *Handbook for parents and children. Alcoholism. Addiction. Drug addiction. Smoking. Natural and household poisons. Outbreak, recognition, treatment, prevention / A.N. Shpakov.* – М.: Energy, 2000. – 368 p.
3. Ismukoye I. *I am drug free. Program to prevent and overcome drug addiction and alcoholism / N.N. Ismukol – М.: Fair-press. – 2001. – 384 p.*
4. Rushchenko I.P. *Drug addiction prevention: organizational and methodological aspects. Final materials of the international project / – Kharkiv: Finart, 2002. – P.182-192.*
5. Akhmetova I. *My choice: a teaching-methodical tool for secondary school teachers.* – М., 2003. – 79 p
6. Gorelov P.G. *Hops, sleep, yav.* – М.: Agartu, 1991. – 335p.
7. Romannikova M.V. *Smoking prevention as a factor in forming the value of a healthy lifestyle in adolescents. Moscow, 2009. –203p*

## АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН SWOT-ТАЛДАУ ӘДІСІМЕН БАҒАЛАУ

### Аңдатпа

Мақала SWOT-талдауды, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін стратегиялық жоспарлау әдісі ретінде зерттеуге арналған. Әлсіз және күшті жақтарды анықтау, қолданыстағы қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді бағалау, тактикалық және стратегиялық міндеттерді шешу кезінде қажет. Мақалада Ақтау қаласының даму мәселелерін таңдау кезіндегі swot-талдаудың ерекшеліктері көрсетіледі. Бірқатар жарияланымдарда агломерациялық саясат және кеңістіктік даму аспектісінде Ақтау қаласының стратегиялық жоспарларына байланысты жинақталған Ақтаудың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ықпал етеді деген қорытынды жасалғанын атап өткен жөн. Бұған тек статистикалық көрсеткіштер ғана емес, мәдени және әлеуметтік зерттеулер, сонымен қатар инвестициялық тартымдылықты аналитикалық бағалау да дәлел бола алады.

Түйінді проблемалар, аумақтың дамуына мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер тізбесі бөлінді, дамудың басым бағыттары белгіленді. Қаланың SWOT-талдауын қолдану аумақты орнықты дамыту және табиғи, әлеуметтік және өндірістік жүйелер арасындағы қатынастарды үйлестіру саласында оңтайлы ғылыми негізделген басқарушылық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** даму, проблемалар, swot талдау, Ақтау қаласы, теңіз порты, табиғат, кеме жай

Боранбайқызы Ұ.<sup>1</sup>, Сергеева А.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актобе, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ SWOT-АНАЛИЗА ПРИ ВЫБОРЕ РАЗВИТИЯ ПРОБЛЕМЫ Г. АҚТАУ

### Аннотация

Статья посвящена изучению SWOT-анализа, его преимуществ и недостатков как метода стратегического планирования. Необходимо при определении слабых и сильных сторон, оценке существующих угроз и возможностей, решении тактических и стратегических задач. В статье указываются особенности swot-анализа при выборе вопросов развития города Актау. Следует отметить, что в ряде публикаций сделан вывод, что агломерационная политика в аспекте пространственного развития способствует развитию конкурентоспособности Актау, накопленной в связи со стратегическими планами города Актау. Об этом свидетельствуют не только статистические показатели, но и культурные и социальные исследования, аналитическая оценка инвестиционной привлекательности.

Выделен перечень ключевых проблем, возможностей и угроз для развития территории, определены приоритетные направления развития. Применение SWOT-анализа города позволит выработать оптимальные научно-обоснованные управленческие решения в области устойчивого развития территории и координации отношений между природными, социальными и производственными системами.

**Ключевые слова:** развитие, проблемы, swot-анализ, город Актау, морской порт, природа.

*Boranbayeva U.<sup>1</sup>, Sergeeva A.M.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan*

## **FEATURES OF SWOT ANALYSIS WHEN CHOOSING THE DEVELOPMENT OF THE PROBLEM OF AKTAU**

### *Abstract*

The article is aimed at SWOT analysis, as well as strategic planning. In determining the jobs and strengths according to which water forces should be destroyed and resumed, tactical and strategic tasks are solved. The article refers to the peculiarities of the analysis during the development of the city of Aktau. It should be noted that an agglomeration policy was implemented within one year, in which priority development contributes to the development of Aktau competition, indicated in connection with the strategic plans of the city of Aktau. This is evidenced not only by statistical indicators, but also by cultural and social research, analytical assessment of investment attractiveness.

A number of key problems have been identified that will be for the development of territories that determine priority areas of development. The application of SWOT analysis in the city can lead to optimal basic solutions in the field of sustainable development of territories and coordination between them, social and production systems.

**Keywords:** development, problem, swot analysis, Aktau city, seaport, nature.

**Кіріспе.** Ақтау қаласының әкімшілік-аумақтық ауданы 29364 гектарды құрайды, соның ішінде ауылшаруашылық жерлер – 1798 гектар, елді мекендер – 15760 гектар, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа ауылшаруашылық емес жерлер – 12027 гектар.

Ақтау қаласының ең жоғары демографиялық әлеуеті 2022 жылы облыс халқы санының 40,5%-ын құрады. Зерттелетін кезең бойына қала халқы санының 6,4%-ға өсуімен ерекшеленеді, Ақтөбе – Атырау, Ақтау жергілікті өзегінің өсу дәлізі болып табылатын қалалану аймағына жатады.

Келешекте аумақтық дамудың біріккен үш стратегиялық өзегі Ақтау қаласының теңіз қақпалары арқылы Еуропаға шыға алады. Ақтау қаласының демографиялық өсу әлеуеті бар.

Жоспарлау қатынасына байланысты Ақтау қаласы қоныстандыру (батыс) және өнеркәсіптік-өндірістік (шығыс) функционалды аймақтарға бөлінеді. Қаланың солтүстігінде 20 км қашықтықта Ақтау халықаралық аэропорты орналасқан, сол жерде, қала құрылыстарынан солтүстік-шығысқа қарай, қала жерінде Қошқар-Ата қалдық сақтау орны орналасқан.

Оңтүстігінде теңіз кемежайы орналасқан, сондай-ақ қала аумағына Каспий жағалауы бойы созылып жатқан Қаракөл қорықшасының аумағы қосылған. Теміржол вокзалы қалалық құрылыстан батысқа қарай шығыс өнеркәсіптік аймақ құрылымында орналасқан.

Кесте 1 - Қала аумағының балансы

№	Аумақтың атауы	Жерінің қазіргі пайдаланылуы гектарда
А	Қоныстандырылатын аумақ	1809
1.	Шағын аудандар, кварталдар	686
	соның ішінде:	
	Үй-жайлық	171
	Екі қабатты	24
	Үш-төрт қабатты	63
	Бес-алты қабатты	331
	Жеті-сегіз қабатты	93
	Қоршалған	4
2.	Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің аумақтары (шағын аудандық маңыздағы мекемелерден басқа), спорттық құрылыстар	199
3.	Оқу орындары аумақтары (шағын аудандық маңыздағы мекемелерден басқа)	39
4.	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерінің аумақтары	57
5.	Жалпы пайдаланылатын жасыл көшеттер (саябақтар, шағын бақтар, желекжолдар)	113
6.	Көшелер, жолдар, жүретін жолдар, алаңдар, автокөлік тұрақтары	439
7.	Басқа аумақтар	276
	Соның ішінде:	
	Өнеркәсіптік кәсіпорындар	17
	Жағажайлар	9
	Басқа аумақтар, соның ішінде пайдаланылмайтын және қолайсыз	250
Б	Қалған аумақтар	9366
8.	Өнеркәсіптік, коммуналдық-қоймалық, көліктік және арнайы аумақтар	8730
9.	Саяжайлар, бақшалар	636
	Барлығы жобалар аясында	11175

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Аумақты стратегиялық жоспарлау әдістерінің бірі SWOT-талдау болып табылады. Оның басты міндеті сыртқы және ішкі ортаның бәсекеге қабілетін және теріс факторларын анықтау. Бұл талдау әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін айқындайды. Аумақтың ішкі күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ ішкі факторларға әсер ете отырып, аумақтың одан әрі дамуын қалыптастыратын сыртқы қолайлы мүмкіндіктер мен әлеуетті қауіп-қатерлерді анықтауға мүмкіндік береді. SWOT-талдаудың қорытынды мақсаты - бәсекелестік артықшылықтар мен кемшіліктер туралы, сондай-ақ тәуекелдер туралы ақпаратты жүйелеу арқылы аумақты дамытудың негізгі бағыттарын қалыптастыру. Осы жұмыста ұсынылған SWOT-талдау «Ақтау қаласының 2025 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы» сияқты авторлар тобы әзірлеген зерттеулерге негізделген; «Ақтау 2025 жылға дейінгі орнықты дамуының стратегиялық жоспары» және т.б. Осы зерттеулер мен әзірленген

әдістерге сүйене отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беретін SWOT-талдаудың жеке матрицасын қалыптастыруға болады [1,2]. Қарқынды дамып келе жатқан аумақ әрбір нақты сәтте бүкіл Ақтау өңірінің даму үрдісін айқындайтын басым, перспективалық және артта қалған факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Ақтау қаласының әлеуметтік-экономикалық, еңбек, географиялық, инфрақұрылымдық және инвестициялық әлеуетін зерттеу оның негізінде дамудың негізгі процестерін қалыптастыруға болатын маңызды бәсекелестік белгілерді айқындауға мүмкіндік береді.

### **Зерттеу нәтижелері және талқылаулар**

Ақтау қаласының дамуының негізгі артықшылығы Каспий аймағындағы географиялық жағдайымен, айтарлықтай қайта қалпына келтірмей және құлатып бұзбай қаланың аумағын кеңейтуге мүмкіндік беретін аумақтық-кеңістік ұйымдастырумен, жағалау аймағындағы инвестициялық тартымды ресурстық аумақтардың болуымен, басталған жетілдіру және инженерлік-көліктік инфрақұрылым үрдісімен анықталады.

Ақтау қаласының дамуының негізгі кемшіліктері:

- ірі теңіз кемежайын құру үшін және өнеркәсіптік аймақты кеңейту үшін қала аумағының қарқынды игерілуінің шетелуі;
- іскерлік белсенділікті қалыптастыру және дамыту үшін, ғылымға негізделген өндірістерді орналастыру үшін жабдықталған және кешенді дайындалған аумақтардың жетіспеушілігі;
- қонақтық және туристік инфрақұрылымның әлсіз дамығандығы;
- әлеуметтік сала (денсаулық сақтау, білім беру және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету) мекемелерінің материалдық базасының жеткіліксіздігі;
- негізгі инженерлік-коммуникациялық және жол жүйелерінің тозуының жоғары деңгейі;
- қаланың аумақтық-кеңістік дамуындағы қызмет атқаратын құқықтық аймақтық таралу жүйесінің және инвесторлардың қалыптасқан қатысу механизмдерінің жоқтығымен анықталады.

Қаланың анық көрінетін өнеркәсіптік мамандандыруы оның аумақтық дамуының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қаланың қызмет ететін инженерлік жүйелеріне қоса индустриалды және өнеркәсіптік аймақтардың дамуы жүйелерге және теңіз акваториясына ластауыштарымен және өнеркәсіптік шығарылатын заттектерімен айтарлықтай ықпал етеді. Негізгі қала тұрғындарының жағажайлық демалыс орындары өнеркәсіптік аумақтарға жақын орналасқан, осы жағдай ірі инвесторлардың бұл жерлерге деген қызығушылықтарын айтарлықтай төмендетеді, бұл жерлер жүйесіз түрде дамып келеді [3,4].

Ақтау қаласының дамуы және құрылысы Қазақстан Республикасының Үкіметімен 2005 жылғы 10 ақпанда бекітілген «Ақтау қаласының бас жоспары туралы» №128 Қаулысына сәйкес жүргізіледі. Қаланың қала құрылысы дамуына оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы айтарлықтай ықпал етті.

Ақтау қаласының құрылысы Бас жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен солтүстік-батысқа қарай жүргізіледі.

Қалада тұратын халықты қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатқан қала құрылысы Бас жоспармен өзара байланыста жүргізіледі, өйткені негізгі кешенді құрылыстардан басқа мектепке дейінгі балалар, мектеп мекемелерін және басқа күнделікті пайдаланылатын әлеуметтік объектілерді салу алдын ала қарастырылып отыр.

Келешекте «Ақтау-Сити», «Шығыс-1, 2 және 3» құрылыстарын жүргізу арқылы, сондай-ақ жаңадан игеріліп келе жатқан 31, 31 «а», 31 «б» және 35 шағын аудандары арқылы Ақтау қаласын кеңейту жоспарланып отыр. Бұдан басқа № 1, 2, 3, 3а және 3б ескі шағын аудандарын қалпына келтіру жоспарланып отыр [5,6].



Кесте 2 - Ақтау қаласының дамуын талдау

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақтау қаласында оңтайлы аймақаралық және аймақтық көші-қонның болуы.</li> <li>• Халықтың табиғи өсімінің оңтайлы өсу қарқыны.</li> <li>• Ақтау қаласы – шоғырландыру орталығы (тұтыну, өндіріс және қызмет көрсету орталығы).</li> <li>• Көшелердің және тораптардың жақсы жоспарлануы (көше-жол жүйесінің тік бұрышты-сызықты құрылымы).</li> <li>• Жағалау аймағындағы инвестициялық-тартымды ресурстық аумақтардың болуы.</li> <li>• Ірі көлік тораптарын – аэропорт пен теміржол бекетін салу үшін жеткілікті аумақтың болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Халық тығыздығының төмендігі.</li> <li>– Кадастрлық бағалаудың түбегейлі қарастырылған жүйесінің жоқтығы.</li> <li>– Өнеркәсіптік аумақтарды және кемежайды кеңейту үшін аумақтық резервтің аздығы.</li> <li>– Тұрғын үй құрылыстарының өнеркәсіптік аумақтармен тікелей жақын орналасуы, толық санитарлық-қорғау аймақтарының жоқтығы.</li> <li>– Тұрғын үй құрылысын және өнеркәсіптік аймақты дамыту үшін қаланың шоғырлану аймағын құру мәселелерінің жеткіліксіз қарастырылуы.</li> <li>– Тастап кеткен құлдыраған жерлердің бар болуы.</li> <li>– Қаланың қоғамдық жолаушы тасымалдау көлігінің жеткіліксіз дамуы.</li> <li>– Жерді ресурс ретінде тиімді пайдаланбау.</li> </ul>
Мүмкіндіктер:	Қауіп-қатерлер:
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Аумақтық-кеңістік құрылыс әлеуеті.</li> <li>– Қазақстанның басқа елдермен транзит жолы ретіндегі әлеуеті.</li> <li>– Аймақтың көлік инфрақұрылымын ары қарай дамыту мүмкіндігі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Табиғи-климаттық қолайсыз жағдайлар.</li> <li>– Қызмет көрсету саласының және әлеуметтік саланың даму деңгейінің төмендігі, қызмет көрсету сапасының төмендігі.</li> <li>– Экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты қала тартымдылығының төмендеуі.</li> </ul>

### **Ауылды қаланың ажырамас бөлігі ретінде қолдау**

Өмірзақ ауылының аумағы «Ақтау теңіз портының» арнайы экономикалық аймағының шекаралас аумағы болып келеді. Ауылдың аумағында тұрғындық массивтер орналасқан: Өмірзақ, Приозерный, Рауан, Приморский. 2013 жылдың басында халық саны 2,6 мың адамға жетті. Жастық құрамы бойынша жас тұрғындар басым тұр.

Ауылдық жерлерге сипатты негізгі проблема – инженерлік желілердің болмауы (нашар жағдайы). Приморский кентінде инженерлік коммуникациялар жоқ. Тұрғындармен өз қаражатына тартылған электр желісі ерекшелікті құрайды. Рауан кентінде ауызсу жоқ, электр желілерінің тозуы ең үлкен пайызды құрап, ауыстыруды қажет етеді. Ауылда ауызсуын сатудың екі нүктесі әрекет етеді. Канализация желілері құрылған, бірақ әлі іске қосылмаған.

Телефон байланысы тұрғын үй массивтерінде жола қойылған, оны пайдалану жағынан қандай да бір проблема жоқ.

Қазіргі уақытта ауылдық елді мекендер интернетке қосылған [7].

**Қоршаған ортаны қорғау.** Табиғи-климаттық жағдайы бойынша Маңғыстау облысының аумағын түгел дерлік өте қолайсыз шөлді аймаққа жатады. Қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне кері әсер ететін климаттық жағдайдың ерекшеліктері жоғары күн радиациясы, шаңды дауылдар, жылдық және тәуліктік температураның күрт ауытқуы, ылғал санының аздығы болып келеді.

Өңір аумағының ландшафттары шөлді және шөлейтті, климаттық жағдай топырақты-өсімдік қабатын қалыптастыру үшін аз жағдай туғызатындықтан, антропогендік әсерлерге тұрақсыз болып келеді. Зиянды заттарды шығарудың ең жоғарғы көлемі Маңғыстау облысының қалалары мен аудандары бөлігінде Ақтау қаласында байқалады (48,1%) [8,9]. Техногендік факторлардың арасында мұнай шығару саласында, соның ішінде:

Каспий теңізі су айдынының ластануы нәтижесінде жұмыс көлемінің ұлғаюы;

- қала шегінде автокөліктің көбеюіне байланысты ауа қабатының газдалу деңгейінің артуы;

- Ақтау қаласына және Каспий теңізіне өте жақын орналасқан «Қошқар-Ата» химия өнеркәсібінің құрамында уран бар қалдықтары қоймаларының болуы;

- өндіріс кәсіпорындарының зиянды қалдықтарының шығуының көтерілуіне әкелетін Ақтау теңіз порты жұмысының жандануы және қаланың өнеркәсіп аймағының және «Ақтау теңіз проты» АЭА қарқынды дамуы ең көп әсері.

Тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын жинау, жою және қайта өңдеу жүйесінің және олардың айналуын бақылау айтарлықтай тиімді жұмыс істемейді. 2006 жылы қолданыстағы қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару полигоны ресурстарының таусылуына байланысты жаңа полигон салынды [10,11].

Сумен жабдықтаудың негізгі көзі Каспий теңізі болып келеді. Қазіргі уақытта Каспий теңізінің астында көмірсутегі шикі затының суасты кен орындарын игеру жұмыстары жүргізілуде, осының нәтижесінде лаң туғызатын болжау қиын жағдай туындады, ал Каспий биоресурстарына жоғалудың нақты қаупі төніп тұр. Бұл проблема мұнайдың тасуына байланысты. Ақтау қаласын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету проблемалы болып отыр.

Бұдан басқа, Ақтау қаласында КОС-2 канализациялық-тазартқыш құрылғыларын салу жылдамдатуы қажет етеді. Заманға сай тазарту құрылғыларының құрылысы осы суларға биологиялық тазарту және зарарсыздандыру жүргізіп, оларды әсіресе ауызсудың тапшылығы қатты сезілетін жаз кезінде Ақтау қаласында құнарсыз жасыл көшеттерін суару үшін қайта пайдалануға мүмкіндік берер еді (3-кесте).

*Кесте 3- Қоршаған ортаны қорғау*

<b>Күшті жақтары:</b>	<b>Әлсіз жақтары:</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жергілікті экологиялық проблемаларды жою шараларын әзірлеу.</li> <li>- Қалада және қала шетінің аумағы – Каспий теңізінің жағасында рекреациялық аймақтардың болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ауызсу ресурстарының жетіспеушілігі, су көздерінің ластануы, тазарту құрылғыларының қанағаттанарлықсыз жағдайы.</li> <li>- Өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу, жою және көму бойынша өндірістік күштің болмауы және экологиялық жағдайдың нашарлауы.</li> <li>- Ортаның өндіріс қалдықтарымен, соның ішінде мұнай-газ шығару компанияларының және Ақтау теңіз портының қызметінен ластанудың күшеюі, сондай-ақ қаланың оңтүстік-шығысы және оңтүстік бөлігінде ауа ортасының ластану деңгейінің жоғарылығы.</li> <li>- Автокөлік есебінен ерекше улы заттарды шығарудың күрт көтерілуі.</li> <li>- Жерасты су көздерінің ластану мүмкіндігі.</li> <li>- Қоғамдық пайдаланудағы аумақтарды көгалдандыру алаңдары нормасынан біршама төмен.</li> <li>- Халықтың радиациялық жүктемесінің жоғарылығы.</li> <li>- Халықтың экологиялық мәдениетінің төмендігі.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер:</b>	<b>Қауіп-қатерлер:</b>

<p>– Өндіріс кәсіпорындарымен ластанған көлемдерге бақылауды арттыру.</p> <p>– Шаруашылық ететін субъектілердің техногендік қызметтеріне жылдам көңіл бөлу.</p>	<p>– Атмосфераны, су көздерін ластау көздерін тазарту құрылғыларын әлсіз модернизациялаған жағдайда экологиялық жағдайдың күшеюі.</p> <p>– Қала шегіндегі заңсыз қоқыстардың өсуі санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы проблеманы туындатады.</p> <p>– Қала экожүйесінің жұмыс істеу тиімділігінің төмендеуі.</p>
---	--

Маңғыстау облысының қоршаған ортасын қорғауға арналған шығынның негізгі бөлігі Ақтау қаласына тиесілі (58%), одан: су ресурстарын қорғауға - 49,7%, атмосфералық ауаны қорғауға -84,2%, жерді қалдықтармен ластанудан қорғауға – 59,5%.

Орташа мерзімдік келешектегі аумақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелерінің, тәуекелдерінің, кедергі болатын себептерінің, бәсекелік артықшылықтарының және мүмкіндіктерінің кешенді сипаттамасы 4-кестеде берілген [12].

Кесте 4 - Әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелері

<b>Күшті жақтары:</b>	<b>Мүмкіндіктер:</b>
